

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарманы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет етіп қайта құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 7 қаңтар. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2006.01.09. N 1696 жарлығымен.

Стандарттау, метрология және сертификаттау саласындағы мемлекеттік саясатты жүзеге асыру, өлшем бірлігін қамтамасыз ету, стандарттардың сақталуына мемлекеттік қадағалау жүргізу және тұтыну нарығын сапасыз өнімдерден, жұмыстар мен қызмет көрсетулерден тиімді қорғау мақсатында
қ а у л ы е т е м і н :

1. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау және метрология жөніндегі бас басқарма Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитет болып қайта құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау , метрология және сертификаттау жөніндегі комитет орталық мемлекеттік басқару органы болып табылады, оған басшылықты Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы Стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі комитеттің негізгі міндеттері:

стандарттаудың, сертификаттаудың және өлшем бірлігінің мемлекеттік ж ү й е с і н ж а с а у ;

стандарттауды, метрология мен сертификаттауды дамытудың перспективалық және ұзақ мерзімді болжамдарының негізгі бағыттарын әзірлеу;

стандарттау, метрология және сертификаттау саласында республиканың министрліктеріне, мемлекеттік комитеттеріне, ведомстволарына, кәсіпорындары мен ұйымдарына ұйымдық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыру;

республикалық стандарттарды әзірлеуді және сараптауды, бекітуді, тіркеуді ұйымдастыру, мемлекетаралық, халықаралық және ұлттық шетел стандарттарының қорын жүргізу;

Қазақстан Республикасында өлшем бірлігін қамтамасыз ету, нақты көлем бірлігінің эталондық негізін жасау;

